

## ИМАНЖҮСІП ҚҰТПАНҰЛЫ



Атасы Тұрғанбай датқа (1804 – 1850) Түркістан қаласы маңындағы Шілік өңірінің биі болған. Әкесі Құтпан Кенесары Қасымов көтерілісіне қатысқан. Иманжүсіп жас кезінен-ақ жырға, шешендік сөзге құмар болып, сал, серілер дәстүрін ұстап, саятшылық құрып, палуан атанады. Иманжүсіп суырып салма ақын, әнші болған. Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақ, Мәди әндерін тамылжыта шырқаған. Жаяу Мұса Иманжүсіппен талай рет жүздесіп, ақыл-кеңес берген, оған өлең де арнаған екен. Патшалық Ресей өкіметінің қысымына шыдамаған Иманжүсіп ХІХ ғасырдың аяқ шенінде Ақмолаға келеді. Мұнда да әкімдердің зорлығына, әділетсіздігіне шыдамай, оларға шығарған өткір өлеңдерін

айтады. Жалған жаламен тағы да қуғынға түседі. 1905 – 12 жылдары Өскеменге, 1914 жылы Жетісуға жер аударылады. Шұбарағаш, Ойжайлау, Лепсі, Қапалда тұрып, бірнеше рет жауапқа тартылған. Иманжүсіп 1913 жылы атамекеніне оралып, Сырдария губерниясының Шиелі болысына қоныстанған. Кеңес дәуірінде тағы да қудалау көрген Иманжүсіп Сарысуға көшіп, 1930 жылы 20 желтоқсан күні тұтқындалған. 1931 ж. 2-ші наурызында БМСБ жанындағы үштіктің шешімімен атылып, 1990 жылы толық ақталған. Иманжүсіп – Жаяу Мұса, Мәди сияқты әділет, теңдікті жырлаған күрескер әнші. Оның кең ауқымды әндері Арқада, Жетісуда кең таралған. «Сарымойын», «Бұғылы мен Тағылы», «Ішім өлген, дүние-ай, құр сыртым сау», «Әкем Құтпан болғанда, ағам Шонай», «Қысырақтың үйірі жирен ала», «Мен қалайша жалғанда тұрақтайын», т.б. әндері әр үнді әншінің азаматтығын танытады. Оның әндерін А.В. Затаевичке Қ. Байжанов, Қ. Байсейітов, И. Байзақовтар нотаға түсірткен. Затаевич Иманжүсіптің бірнеше әндерін жазып алып, «Қазақ халқының «1000 әні» атты жинағына енгізген. Соңғы жылдары Иманжүсіптің жаңа әндері де табылып отыр. «Сейфүл-мәлік», «Сарыарқа», «Сарыбел», «Ерейментау», «Болған жастан», т.б. әндері әр жылдарғы фольклорлық экспедициялар кезінде жазылып алынған. «Сармойын» әні Е.Г. Брусиловскийдің «Қыз Жібек» операсында (Бекежан ариясы) айтылды. 2001 жылы жарық көрген «Иманжүсіп» (авторы

Р.Көшенова) атты кітапқа Иманжүсіп әндері толық енген. Оқырман қауымға Мәнсүр Бекежановтың «Иманжүсіпке хат» өлеңінен үзінді және Иманжүсіп Құтпанұлының келесі әндерін ұсынамыз.

## ИМАНЖҮСІПКЕ ХАТ

Тұрғанбай пансат екен сол уақтағы.  
Осындай бекзатымның нәсілісің,  
Шамшырақ гауһарымның ақылысысың.  
Сол шамның жарығынан пайда болып,  
Көрінбей басың қалай жасырынсын.  
Ақ балдақ, алмасымның сынығысың,  
Шынардың көлеңкелі шыбығысың.  
Бәйге аттай жұрттан озған заманында,  
Арда емген арғымақтың құлынысың.  
Ұшырған сұңқарымсың таппай дерек,  
Білмеген дерегінді хақтан бөлек.  
Сені айтса Алаш халқы айып кермес,  
Басқаны жараспайды мақтай бермек.  
Тегінді Иманжүсіп айтып берсем,  
Демессің бұл сөзімді «неге керек?»

Мәнсүр Бекежановтың «Иманжүсіпке хат» өлеңінен үзінді

## САРЫ БЕЛ

Абылай аспас Арқаның сары белі,  
Есіл бойын жағалаған Қыпшақ еді.  
Қырық мың жылқы су ішсе лайланбайтын,  
Аюлыда Нияздың Қаракөлі.

Күнбатысқа көлденең аққан Нұра,  
Тұ-тұсынан оған құяр өзен-жыра.  
Исі аңқыған арқаның сай-саласы,  
Бірің-нәр, бірің-қорк, бірің-сыра.

Есіл аққан тау-таудың арасынан,  
Тасқыны асып төгілген шарасынан.  
Аюлы мен Ереймен, қош, есен бол,  
Бет жылыған барғанда панасынан.

Ботақара, Шағантау, қаласың да-ай,  
Ергеймен мен Бұғының арасында-ай.  
Тоғыз жасар Дәулетім жылап қалды,

Тірі жүрген қасқырдың баласындай.

Қош, аман бол, Сарыарқа, өскен жерім,  
Кір жуып, кіндігімді кескен жерім.  
Тартысып ертелі-кеш ұлықтармен,  
Шұбырып маңдайымнан аққан терім.

Япыр-ай нем бар еді көлге барып?  
Дұшпаннан кек алмадым сайран салып.  
Барамын ішқұса боп, амал бар ма,  
Теңбілкөк пен ақ сауыт үйде қалып.

### **БҰҒЫЛЫ-ТАҒЫЛЫ**

Қысырақтың үйірі жирен ала,  
Орыс, қазақ байлары жапты жала,  
Сүйіндікке бет алып шыққанымда,  
Көрінуші ең алдымнан, Ботақара.

Бұғылы мен Тағылы бүркіт салған,  
Ұйпалақтап қып-қызыл түлкіні алған.  
Атамекен жерлерім – кәрі қойтас,  
Көзімнен бұлбұл ұштың, дүние жалған.

Ауылым Күйгенжарға қона алмайды,  
Өткен күн қайта айналып оралмайды.  
Толғатып тоқсан қатын ұл тапса да,  
Бірі де Иманжүсіп бола алмайды.

Әкем Құптан болғанда, ағам – Шоңай,  
Азаматта ұл тумас мендей құмай.  
Болыстың поштабайын сабап едім,  
Төрт аяғы байлаулы қойдан оңай.

Сауысқан ұзын құйрық бөрі алдында,  
Дау даулар батырсынып төре алдында.  
Шешендік, батырлығым зая кетіп,  
Қолында дұшпандардың мен қалдым ба?

Жел сөзге болып өстім ауызым епті,  
Ел кезіп жас басымнан көрдім көпті.  
Тастайын қалың көптің ортасына,  
Көз көріп, қол ұстаған біраз кепті.

Сарғайып ғарып таңнан азған жүзім,

Бүгіліп тартқан сымдай қайран белім.  
Қаздай қалқып, үйректей жүзіп жүрген,  
Қуандық пен Сүйіндік, қайран елім.

**Оразбек Искендилов,**  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық мұрағатының қызметкері

### **Резюме**

К 150-летию со дня рождения представлен подбор песен выдающегося сына казахского народа, народного композитора, акына-импровизатора, певца Иманжусупа Кутпанова. Идея свободы и независимости, безграничная любовь к людям и родной земле поэта является высоким примером патриотизма.

### **Summary**

To the 150 anniversary selection of songs of the outstanding son of the Kazakh people, the national composer, the akyn improvisator, the singer Imanzhusup Kutpanov is since birth presented. The idea of freedom and independence, boundless love to people and the native earth of the poet is a high example of patriotism.